**ЦИКЛОГРАММА**

***IV апта 27-29 желтоқсан 2021ж***

***Мектепалды даярлық тобы.***

***Өтпелі тақырып «Менің Қазақстаным»***

***Тақырыпша. «Тәуелсіз Қазақстан – ел тірегі!»***

| *Күн тәртібі* | *Дүйсенбі* | *Сейсенбі* | *Сәрсенбі* | *Бейсенбі* | *Жұма* |
|---|---|---|---|---|---|
| ***Балаларды қабылдау Ата-ана-лармен әңгімелесу*** | *Балалардың көңіл-күйін бақылау.дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру.*<br>*Арнайы журналға тіркеу. «Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.* | | | | |
| ***Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б. )*** | ***Картотека № 12***<br>*Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын. «Телефон»*<br>***Мақсаты:*** *естіген сөзді екінші балаға бұлжытпай жеткізуді, диалогты сөйлеуді біледі.*<br>*Коммуникативтілік дамыту. Бала үні* | ***Картотека №2***<br>*Құрлымдалған ойын. «Не қайда тұрады?»*<br>***Мақсаты:*** *Ойын арқылы балалардың тілін, ой-өрісін дамыту*<br>*Коммуникативтілік дамыту. Бала үні* | ***Картотека № 1***<br>*Педагог жетекшілігімен ойын. «Менің сүйікті ертегім»*<br>***Мақсаты:*** *ертегі кейіпкерлері бойынша ертегілердегі жағымды, жағымсыз кейіпкерлерді ажырата алады.*<br>*Коммуникативтілік дамыту. Бала үні* | ***Картотека № 19***<br>*Құрлымдалған ойын. «Орнын тап»*<br>***Мақсаты:*** *балаларға өз бөлмесіне қажетті мүліктердің аттарын айтқызып, суреттен таба білуге үйрету.*<br>*4К моделі, бала үні.* | ***Картотека №6***<br>*Құрлымдалған ойын. «Апта күндері»*<br>***Мақсаты:*** *Апта күндерін атай алады.*<br>*4К моделі, бала үні.* |
| | ***ҚАТЫНАС САЛАСЫ КАРТОТЕКАСЫНАН*** | | | | |
| ***Ойындар, ҰОҚ дайындық*** | ***ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктерді реттеу..***<br>***Балаларды ұоқ-не сұрақтар қоя отырып дайындау, балалармен өзара әңгіме жүргізу.*** | | | | |
| ***Мектепке дейінгі ұй-*** | ***1.Сөйлеуді дамыту***<br>***Тақырыбы:Біздің өлкеге қыс келді.*** | ***1.Денешынықтыру.***<br>***Мақсаты: Тепе-теңдікті сақтауды, жаттығу жасау*** | ***1.Математика негіздері***<br>***Тақырыбы: Заттардың кеңістікте орналасу*** | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ***ым кестесі бойынша ұйымдасты рылған оқу қызмет-тері*** | ***Мақсаты:*** Қысқы табиғатты бақылап, қарапайым өзгерістерді атай білуге үйренеді. Қысқы табиғат туралы айтады.<br><br>***Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы.Шаттық шеңбер***<br>*Біз ақылды баламыз,*<br>*Айтқан тілді аламыз.*<br>*Үлкенге де, кішіге*<br>*Сәлем беріп тұрамыз.*<br>*Ұйымдастыру.*<br>*- Балалар қазір жылдың қай мезгілі?*<br>*-Қыста күн қандай болады?*<br>*Сендер қыста қандай киім киесіңдер?*<br>*Бүгінгі ауа райы қандай?*<br>*Жетелуші сұрақтар*<br>*Сыни ойлау*<br>***Ой дамыту.***<br>*Түсінік беру,бақылату.*<br>***Суретпен жұмыс.***<br>*Балалар назарын қыс мезгіліндегі суретіне аудару.*<br>*Әрқайсысын жеке-жеке таныстырып, қайталату.*<br>***Өлең оқу.***<br>*Айнымайды аспаннан*<br>*Біздің тудың бояуы*<br>*Оны халық қашанда*<br>*Биікке іліп қояды.*<br>*Бір қадам әдісі арқылы қайталау.*<br>*Коммуникативтілік дамыту.* | ***кезінде, денені дұрыс ұстауды біледі.***<br>***Ресурстар:****обруч әр балаға, доп*<br>***Әдіс-тәсілі:*** *4К, бала үні, Бақылау*<br>***Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы.***<br>*Сапқа тұру.*<br>*Шеңбер бойымен денені тік ұстап тізені шапалақтай жүгіру .*<br>*Қол бүйірде, аяқтың ұшымен жүру.өкшемен жүру. тізені бүгіп жүру.*<br>*«Топтастыру» әдісі саралау*<br>*Сапқа тұру. 4 колонна тұру.*<br>***Жалпы даму жаттығулары:***<br>*1.Аяқты алшақ қою, обруч төменде,обручты алға созу, жоғары көтеру, түсіру. бастап-қы қалып.5-6 рет.*<br>*2.Обручты екі қолмен омырауға ұстау. Оңға, солға бұрылып, қолды созу.*<br>*3.Отыру, обруч екі қолда төмен ұстау. Обручты жоғары көтеру, төмен екі өкшенің арасына түсіру, қайталау.5-6рет.*<br>*4. Аяқпен отыру. Обручты тік ұстау, оңға, солға қисаю.*<br>*5. Шалқадан жату.Обруч бастан жоғары. Аяқты тік ұстап, обручты тізеге тигізу.*<br>*6. Обруч еденде, айнала секіру, адымдап орнында жүру, секіру.* | ***Мақсаты:*** Балалар геометриялық пішіндер туралы түсінеді.<br>***Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы***<br>***«Жүрек жылуы»*** *арқылы бір-біріне жылы сөздер айтады*<br>*Сен өте сулусың, саған зор денсаулық тілеймін , сен бүгін өте кереметсің*<br>***Кубизм әдісі арқылы жыл мезгілін сұрау.***<br>***Қызығушылықтарын ояту.***<br>***Өлең оқу.***<br>*Аппақ,аппақ,жапалақтап,*<br>*Қар жауады тынбастан.*<br>*Қалың орман қар жамылған,*<br>*Маужырайды түнгі аспан.*<br>*-Балалар, өлеңде не туралы?*<br>*Балалар мұқият тыңдайды және сұраққа жауап береді:*<br>*Балаларды мадақтау.*<br>*Балалар қардың артында тапсымалар бар екен, орындаймыз ба?*<br>*Жетелеуші сұрақтар, сыни ойлау.*<br>***II. Ой қозғау.***<br>***1-тапсырма:***<br>***Педагог жетекшілігмен жүргізілетін ойын:***<br>***«Кім тапқыр»*** *Шарты: Балалардың білім, білік дағдыларын меңгерту мақсатында моншақтағы сандар тізбегін толықтырып санау.*<br>*Сыни ойлау. Бала үні* | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***Қызығушылықтарын ояту***<br>***Сергіту сәті.*** *.(Заряд алу әдісі)*<br>***Қорытынды.***<br>*Кері байланыс.Жетелуші сұрақтар*<br>*Бала үні*<br>*Көздеріңді жұмып, терең дем алыңдар. Туған жеріміздің таза ауасының өн бойымызға қалай тарап жатқанын сезініңдер.*<br>*Балалар, бүгінгі оқу қызметінде не туралы өлең оқыдық?*<br>*Балаларды мадақтап, аяқтау*<br><br>***2.Жаратылыстану.***<br>***Тақырыбы: Шырша және қайың***<br>***Мақсаты:*** Ағаштар туралы туралы<br>түсінеді, өз ойын айтады.<br>***Ресурстар:****үнтаспа,құстардың суреттері,мнемотехника*<br>***Әдіс –тәсілдер:*** *Ашық сұрақтар, түсіндіру, көрсету, тақпақ, жұмбақ жасыру, сұрақ-жауап, әңгімелеу.*<br>***Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы.***<br>*1.**Ұйымдастыру кезеңі:***<br>***Шаттық шеңбері.***<br>*Нұр құшып әлемге*<br>*Арайлап таң атты* | *Тыныс алу жаттығулары: мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару. Бастапқы қалыпқа келу.*<br>*Бақылау: Жаппай, тікелей, жанама*<br>***Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулары.***<br>*1. Допты оң сол қолмен алысқа лақтыру*<br>*2. Қос аяқтап кедергілерден арасымен секіру.*<br>*Бақылау: Тікелей, жанама*<br>***Қимылды ойын: «Қасқыр мен қояндар»***<br>*Ойын шартымен таныстыру*<br>***Қорытынды.***<br>*Кері байланыс*<br>*Бала үні*<br>*Балаларды мадақтау*<br><br>***2.Сауат ашу негіздері.***<br>**Тақырыбы: Мм дыбысы және әрпі** М дыбысы және әрпімен танысады, оның дауыссыз дыбыс екенін түсіндіреді.<br><br>**Мақсаты:**<br>**Ресуртар:**Мысық суреті,әріп қималары, суреттер<br>**Әдіс тәсілдер**:Ширату әдісі, ашық сұрақтар, миға шабул әдісі<br>**Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы.**<br>**Шаттық шеңбері.** | ***2-тапсырма :***<br>***Құрлымдалған ойын:***<br>***«Ойлан топтас, бөліс»***<br>***Шарты:*** *Балалардың жылдам ойлау дағдыларын қалыптастыру .*<br>*Гүлдерді орналасу ретіне қарай сәйкес сандармен байланыстыру.*<br>*Балаларды мадақтау.*<br>***Сергіту сәті.****(Заряд алу әдісі)*<br><br>*Оң қолымда бес саусақ*<br>*Сол қолымды бес саусақ*<br>*Қосссақ егер екеуін*<br>*Болады екен он саусақ.*<br>***3-тапсырма***<br>***Педагог жетекшілігмен жүргізілетін ойын:***<br>*«Ойланып көр» Балаларды жылдам ойлау дағдысын қалыптастыру*<br>*- Берілген суреттерді салыстыра алады.*<br>*-Берілген суреттегі 10 айырмашылықты таба алады;*<br>*-Айырмашылықтарын тауып түсіндіріп бере алады.*<br>*Жетелеуші сұрақтар, сыни ойлау*<br>*Балаларды мадақтау.*<br>***4-тапсырма.***<br>***Құрлымдалған ойын:***<br>***«Адасқан сандар»***<br>***Шарты:*** *Адасқан сандарды рет-ретімен орналастыру.*<br>***0, 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9.*** | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Жарқырап күніміз*<br>*Жер көкті оятты*<br>*Қайырлы таң, қайырлы күн!*<br>***АКТ Құстардың суреті.***<br>*Қандай құстарды көріп тұрсыңдар?*<br>*Қыста құстарға қалай қамқор боламыз?*<br>*Суықторғай – жотасы қоңыр, кеудесі сұр, кішкентай құс. Олар үйірімен жүреді. Торғай – пайдалы құс. Ол зиянкес құрттар және дәнді дақыл, нан қиқымдарымен қоректенеді. Сарышымшық – жылдам ұшатын құс. Кеудесі сары-жасыл, басы, тамағы қара, құйрығы мен қанаты көгілдір, қарны сары, ал желкесінде ақ дақ бар. Суықторғай мен сарышымшық жазда жәндік және жидектермен қоректенеді, түрлі дәнді дақылдар да – олардың қорегі. Қыста адамдарға жақын жерге ұшып келіп, олар жасаған жемсауыттардағы жемді шоқып жейді. Тоқылдақ – орман құсы. Ағаш қуысындағы зиянды жәндіктермен қоректенеді. Оны «Орман дәрігері» деп атайды. Орманда оның тоқылдатқан дыбысын естуге болады. Көгершін* | Күнім күліп арайлы,<br>Тереземмен қарайды<br>Достарыммен шеңберге,<br>Тұрғанымды қалайды<br>**Қызығушылықты ояту.**<br>Ерте-ерте-ертеде екі дос болыпты. Біреуі - дыбыс, екіншісі - әріп. Ешкім оларды айыра алмапты, қайсысы дыбыс, қайсысы әріп екенін. Ал сендер білесіндер ме?<br>Сыни ойлау<br>**Миға шабуыл.**<br>Кәне оны кім айтады?<br>Дыбыс дегеніміз не?<br>Әріп дегеніміз не?Жақсы, балалар. Енді дыбыстар екі түрлі болады екен. Қандай? (дауысты, дауыссыз).<br>Дауысты дыбыс екенін қалай білуге болады?<br>Дауыссыз дыбыс екенін қалай білуге болады? Балалар, біз қандай дыбыстарды өттік?<br>Сыни ойлау,<br>Коммуникативтілік дамыту.<br>**Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын:**«Сөз ойла , тез ойла»<br>**Құрлымдалған ойын**<br>«Үйін тап»<br>Тапсырма: суреттегі сөздерді буынға бөліп, өз үйін табуға көмектесіндер.<br>Сергіту сәті . (Заряд алу әдісі)<br>Жаңа тақырып.<br>Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын: «Кім | ***9, 8, 7, 6, 5, 4, 3, 2, 1, 0. Тура, кері санау***<br>***Қорытынды.***<br>*Кері байланыс.Жетелуші сұрақтар*<br>*Бала үні*<br>*Сұрақ жауап арқылы қорытындылау.*<br>*Балалар қандай тапсырмалар орындадық?*<br>*Көңілді смайлктер беру.*<br><br>***3.Музыка***<br>***Тақырыбы: Шырша жыры***<br>***Мақсаты.:*** *Шырша әнін қимыл- қозғалыспен орындай алады*<br>***Ресурстар:*** *Тақырып бойынша суреттер.*<br>***Әдіс –тәсілдер:*** *Ашық сұрақтар, түсіндіру, көрсету, Кубизім әдіс*<br>***ҰОҚ жүргізілу барысы.***<br>*Шеңбер бойымен жүріп, шаттық шеңберін жасау.*<br>*Айналамда ұшып жүр,*<br>*Ақ мамық қар себелеп.*<br>*Қалт-құлт еткен бейне бір,*<br>*Ақ қанатты көбелек.(З. Шүкіров) Бала үні.*<br>*-Балалар, айналаға көз салыңдаршы, қандай құбылысты байқадыңдар?*<br>*-Қазір жылдың қай мезгілі?*<br>*-Қыс сендерге несімен ұнады?*<br>*Сыни ойлау, бала үні*<br>*Аяз қысып,*<br>*Өрнек сызып,* | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *(кептер) – қала, ауылда адамдарға жақын мекендейді.*<br>*Адамдар, балалар құстарға жемшашар жасап, оған нанның қоқымын, жем салып қамқорлық көрсетеді.*<br>*Сыни ойлау, креативтілік*<br>***Сергіту сәті.*** *(Заряд алу әдісі)*<br>*Еппен, еппен, жерден бидай терейік,*<br>*Тергеніңді торғайларға берейік.*<br>*Торғай, торғай томпаң-томпаң секірсін,*<br>*Шаршадың ба, отыра ғой деміңді ал.*<br>***Шығармашылық орталық.***<br>*Креативтілік, сыни ойлау*<br>*Құстарға дән дайындау.*<br>*Жеке балаларға көмектесу.*<br>*Мадақтау.*<br>*Сұрақ – жауап әдісі арқылы аяқтау*<br>*Білмеспекпен қоштасу..*<br><br>***3.Музыка***<br>***Тақырыбы: Ормандағы кішкентай тұрғындар.***<br>***Мақсаты:*** *Әуен сазына ілесе қыс көріністерін қыймыл – қозғалыспен бейнелей біледі.*<br>***Ресурстар:*** *Тақырып бойынша суреттер.*<br>***Әдіс –тәсілдер:*** *Ашық* | шапшаң»<br>М дыбысы бар сөздерді айтындар<br>М дыбысы сөздің қай жерінде тұр?<br>**Қортынды:**<br>Кері байланыс, жетелеуші сұрақтар, бала үні<br>Қандай дыбыспен таныстық?<br>Дауысты ма, дауыссыз ба?<br>Қандай текшемен белгілейміз?<br>**Мадақтау**<br><br>***3. Жапсыру***<br>***Тақырыбы:****Аққала бізде қонақта*<br>***Мақсаты:*** Қысқы ойындар туралы әңгімелей отырып, геометриялық пішіндерді пайдалана отырып, аққаланы салады.<br>***Ресурстар:*** *Аққала суреті, ақ қағаз,желім, қайшы*<br>***Әдіс –тәсілдер:*** *Ашық сұрақтар, түсіндіру, көрсету, Кубизім әдіс*<br>***Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы.***<br>***Ұйымдастыру кезеңі.***<br>*Кубизм әдісі арқылы жыл мезгілін сұрау.*<br>*Қызығушылықтарын ояту.*<br>***Тосын сәт.***<br>*Білмеспек келеді.*<br>*Қолында суреті бар.*<br>***Суретпен жұмыс:***<br>***Ой қозғау.*** | *Терезеңді торлайды.*<br>*Қарға омбығып,*<br>*Бет домбығып,*<br>*Балдырғандар ойнайды.*<br>*-Балалар, бұл өлеңде жылдың қай мезгілі айтылып тұр.*<br>*Мазмұн арқылы саралау, сыни ойлау, бала үні.*<br>***Ән айту: «Шырша жыры»***<br>*Сөз: Ә. Дүйсенбиев. Әін: Л.Хамиден*<br>*Аппақ, аппақ,*<br>*Жапалақтап*<br>*Қар жауады тыңбастан*<br>*Қалың орман,*<br>*Қар жамылған,*<br>*Маужырайды түнгі аспан*<br>*О, алақай аяз ата!*<br>*Келе жатыр алыстан*<br>*Кел билейік, үйренейік*<br>*Ол келгенше жаңа жыр*<br>*Құтты болсың, құтты болсың*<br>*Құтты болсың, жаңа жыр.*<br>*Балалар жұмбақ –өлеңге жауап айтады.*<br>*Қыс көріністері туралы түсініктерін жеткізеді.*<br>*Әнді мәнеріне келтіріп, қатты айғайламай, бір – бірін тыңдап орындау.*<br>*Сыни ойлау, креативтілік, бала үні.*<br>***Әуенді – ырғақты қимылдар: «Көңілді балалар»*** *Балалар көңілді музыка әуенімен серіппе, екі қадам алға және артқа жүріп, аяқты 3 рет* | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *сұрақтар, түсіндіру, көрсету, Кубизім әдіс*<br>**ҰОҚ жүргізілу барысы**<br>*Шеңбер бойында жеңіл қыймылмен жүгіреді. Шаттық шеңберін құрады.*<br>*Қыс келді, қыс мұз – қарлы, Қыраулы да ызғарлы.*<br>*Қыс келді, қыс боранды, Қырат көрпе оранды.*<br>*Қыс келді, қыс мықты анық, Қайтсе де біз ықпадық.*<br>*Қыс келді, қыс уайым ба, Қандық біздер ойынга!*<br>*Қыс туралы өлеңді ынтамен тыңдап, өлең туралы түсініктерін жеткізеді.*<br>*-Қазір жылдың қай мезгілі?*<br>*-Өлеңде не туралы жазылған?*<br>*-Қыста табиғатта қандай құбылыстар болады?*<br>*-Қыс мезгілінің ұнайтын, ұнамайтын жақтарын атаңдар.*<br>*Мазмұн арқылы саралау, блум таксономиясы, сыни ойлау, бала үні.*<br>***Ән айту: «Қыс қызығы»*** *(И. Нүсіпбаев, Е. Өтетілеуұлы).*<br>*Әнді музыка жетекшісі орындап береді.*<br>*-Әнде не туралы айтылған?*<br>*-Қандай көңіл күйде?*<br>*Мәтінін әуенге қосылып үйрену.*<br>*Сыни ойлау, креативтілік,* | ***Сергіту сәті:*** *(Заряд алу әдісі)*<br>*Шаршадым уф*<br>*Ренжідім туф*<br>*Қорықтым ой*<br>*Шарсыз эх*<br>*Танырқап ооо*<br>*Кейідім ей*<br>*Біліп ал ей*<br>*Қуанып ха ха ха*<br>*Жұмысымызды жалғастырайық. Балалардың өзіндік жұмыстары.*<br>*Жеке жұмыс:*<br>*Креативтілік дағды*<br>*Командада жұмыс*<br>*Өнім арқылы саралау*<br>***Құрлымдалған ойын: «Біздің көрме***<br>*Шарты: бір-бірінің жұмысын бағалау.*<br>***Қорытынды.***<br>*Кері байланыс.Жетелуші сұрақтар Бала үні*<br>*Балаларды мадақтау.*<br><br>***4. Орыс тілі***<br>***Тема: Жизнь растений зимой.***<br>***Цель:*** продолжать обогащать словарь детей согласно лексической теме-учить называть растения на русском языке, отвечать на вопросы<br>***Организационный момент.***<br>*становятся в круг. что за чудо-чудеса, раз рука и два рука,* | *топылдатады. Қимылды ырғақпен бірге жасау. Әуенді бірнеше рет қайталап, қимылды есте сақтау.*<br>*Би: «Қояндар биі» (Билеп үйренейік) Би қимылдарын жинақтағы түсініктеме бойынша жасау. Қоян қимылдарын аяқтың ұшымен жеңіл жүгіріп жасау.*<br>*4К моделі, бала үні.*<br>***Қортынды.***<br>*-Бүгінгі іс-әрекетімізде жылдың қай мезгілін айттық?*<br>*-Қандай ән үйрендік?*<br>*-Қандай әуенге қимылдар жасадық?*<br>*-Бидің аты қалай?*<br><br>***3.Өзін-өзі тану.***<br>***Тақырыбы:*** *Табиғат -Ана*<br>***Мақсаты:*** Тірі табиғат құбылыстарын бақылайды, табиғаттың әсемдігін сезінеді.<br><br>***Ресурстар:*** *Қазақстан Республикасының картасы,буклеттер, рәміздер*<br>***Әдіс-тәсілдері:*** *түсіндіру,сұрақ-жауап.*<br>***Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы.***<br>*Шаттық шеңбері.*<br>***Сергіту сәті.*** *(Заряд алу әдісі)*<br>***Қорытынды.***<br>*Кері байланыс.Жетелуші* | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *бала үні.*<br>***Ойын: «Қасқыр мен көжек».***<br>*Музыканы тыңдай отырып,әр аңдарға тән музыканы ажырата білу. Жеңіл, көңілді көжектер қаһарлы да ашулы қасқыр музыкасы естілісімен қашуға дайын болу.*<br>*Командада жұмыс, бала үні.*<br>***Би: «Қасқыр мен қояндар».***<br>*Көрініс би («Билеп үйренейік»).*<br>*Түсініктеме бойынша қимыл жасап, әуенді ырғақпен үйлестіре би қимылдарын жасау.*<br>*Әнді тыңдай отырып, қандай жыл мезгілі туралы айтылғанын әңгімелейді.*<br>*Өнім арқылы саралау, сыни ойлау бала үні.*<br>***Қортынды.***<br>*Бүгін қандай жыл мезгілі туралы ән үйрендік?*<br>*-Ән сендерге ұнады ма?*<br>*-Қорытындылау, бағалау, марапаттау.*<br><br>***4.Қоршаған ортамен танысу.***<br>***Тақырыбы: Қысқы ағаштар***<br>***Мақсаты:*** Қысқы ағаштар мен талдарға қамқор болады. Ағаштардың адамға тигізер пайдасын айтады. | *вот ладошка правая, вот ладошка - левая, и скажу вам, не тая,*<br>*руки всем нужны друзья, сильные руки не бросятся в драку, добрые руки погладят собаку. умные руки умеют лечить,*<br>*чуткие руки умеют дружить.*<br>*Покажите свои ладошки. давайте потрем их сильно. что вы чувствуете? тепло. Это тепло наших добрых рук, наших сердец. давайте поделимся этим теплом друг с другом.*<br>*Предлагает помочь Балапану познакомиться с картой Казахстана.*<br>*Проблемный вопрос: что такое карта казахстана?*<br>*Продолжи ряд.*<br>*человечки настроений».*<br>*дети показывают карточки человечков: улыбающегося, спо- койного или грустного, которые соответствуют настроению.* | *сұрақтар*<br>*Бала үні*<br>***Жүректен – жүрекке:***<br>*Өз – отанымды сүйемін!*<br><br>***4.Қызықты математика***<br>***Тақырыбы****:Сандармен ойнайық*<br>***Мақсаты:***<br>Шым-шытырық сызықтарды пайдаланып тұйықтан шығабілуге үйрету. Ойлау қабілетін дамыту. | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***Ресурстар:*** *лего ойыншықтары,құрылыс материалдары, бейнетаспа*<br>***Әдіс-тәсілдер:*** *көрсету, түсіндіру, топқа бөлу.*<br>***Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы.***<br>***Шаттық шеңбер***<br>*Сәлем саған жер ана!*<br>*Сәлем саған нұрлы күн!*<br>*Аман –есен болайық*<br>*Бейбітшілікті қалайық.*<br>*Жыл мезгілін,ай атын,апта күнін сұрау.*<br>*Балалар, бүгін мен сендерге туып өскен жеріміз, ауылымыз жайлы айтамын.*<br>***Ой қозғау.***<br>*балалар сендер қай ауылда тұрасыңдар ?*<br>*жетелеуші сұрақтар*<br>***Бейне таспадан ауылды тамашалау.***<br>*«Топтастыру» әдісі саралау* ***Топқа бөлу.***<br><br>*Лего ойыншықтары және құрлыс ойыншықтары арқылы топқа бөлу.*<br>*Екі топ өз ауылдарын гүлдендіріп құрастырады.*<br>***Құрастырудың әдіс тәсілдерін көрсету,түсіндіру.***<br>*Креативтілік, сыни ойлау*<br>***Өз беттерінше жұмыс.***<br>*Бақылау, жеке көмек* | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *көрсету.*<br>*Саусақ жаттығуы*<br>*Саусақтар шынжыр болады,*<br>*Үзілмейді тартсаң да,*<br>*Ал, піл келіп шынжырды,*<br>*Үзіп кетті басқанда.*<br>*Балаларды мадақтау.*<br>***Қорытынды:***<br>*Кері байланыс.Жетелуші сұрақтар*<br>*Бала үні*<br>*Балалардың жасаған жұмыстарын қорытындылау.*<br>*Балаларды мадақтау.*<br>*Көңілді смайктер беру.* | | | | |
| ***Балалар-дың үйге қайтуы*** | *Ана – аналармен әңгімелесу. Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелеу. Ата-аналармен баланың ынтасы, қызығушылықтары және балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы туралы әңгімелесеу*<br>. | | | | |